

*Тағзым

Арқаның асқар белі Қызыларайда
"Былықылдақ" деген таңғажайып бір
жайлау бар. Жаз шыға осы елдің
малшылары осы жан баурайтын жасыл
белеске көшіп, қаз-қатар тігілген киіз

ешкімге ұқсамайтын интеллигент адам.
Менің әкем Ақсұңқардың туған ағасы
Ақбайдың құдай қосқан қосағы-Құлғайша
шешеміздің бауыры екен. Әкем мені ол
кісінің Қарағандыдағы үйіне де талай ертіп

ауыл шаруашылығы ғылымдарының
докторы (1969 ж.), профессор (1965
ж.), Қазақстан Ғылым Академиясының
корреспонденция мүшесі (1962 ж.),
Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым

Кіндіктен қаным тамған, қайран,
Былықылдақ! Кімдер келіп, кімдер
кетпеген сенен?! Шәймерден көкем мен
Шәрбану тәтем де кетіпті...

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ

ТӘТТІМБЕТТІҢ «БЫЛҚЫЛДАҒЫ» МЕН «СЫЛҚЫЛДАҒЫ» БЫЛҚЫЛДАҚТА ТУҒАН...

үйлер алыстан көз арбап тұрушы еді.
Үш мың жылға созылған көшпелілер
мәдениетінің бір сұлбасы совет өкіметінің
өзінде осы өңірде саф алтындай сақтаулы
тұр еді. Есте қалған көкейдегі осынау
көріністер көз алдымда көлдендейді де
тұрады. Біздің балалық шағмыздың
елесі... Ақтоғай ауданының малшылары
осындағы май зауытына сүт өткізіп,
Қарағанды-Балқаш қалаларына сары май,
ірімшік жөнелтуші еді. Май зауытының
меңгерушісі ерлі-зайыпты Шәймерден
Шалтабаев, Шәрбану Нығыметжанова
Қызыларайдағы төрінен қонақ кетпейтін
жаны жайсаң адамдар еді. Арқаның игі
жақсыларының бәрі де осы шаңырақтан
дәм татқан. Туасы жілік майы үзілмеген
Қаракөктің тұқымы. Арғы атасы Байтас
Темірші болысының болысы болған.
"Жақсының көзі еді" дейтін ел олар
хақында. Сөйтсек, бұлар атақты Әлімхан
Ермековтің осы елде қалған ең жақын-
жуығы екен. Бұл кез Әлиағаның аты-жөні
жөнді атала қоймайтын уақыт. Ол кісі
Ібір-Сібірден айдаудан келгеннен кейін
осы құтты шаңырақта айлап жатушы еді.
Мен ол кезде сегіз-тоғыз жасар баламын.
Әлиағаны осы Шөкендердің үйінен
көргем, еңселі, ер тұлғалы, аса ажарлы,

апарған. Ол кезде бұл кісінің Ленинмен
5-6 сағат дауласып, Қазақстанның осы
күнгі шекарасын аман алып қалғанын да
біле қоймаймыз. Әкеміз: "Бұл кісі қазақтан
шыққан бірінші математик қой" – деп
отырушы еді. Басқасын айта қоймаған...

Биыл сол Әлиағаның бауыры
Шаймерден ақсақалдың фәніден
бақиға көшкеніне 20 жыл да, Шәрбану
шешеміздің жарық дүниеге келгеніне
100 жыл болады екен. Қазаққа Әлімхан
Ермеков сынды сом алтындай ұл туған
бұл атаның балалары сталиндік қуғын-
сүргіннен көз ашпаған тұқым еді.
"Орнында бар оңалар" демекші, олар да
осы күнге аман-есен жетті. Ұлы-ұяда,
қызы-қияда. Немересі, осы тұқымның бір
тұяғы Махмұт Әліпбергенов те бүгінде
республика жұртшылығына танымал,
қазақтағы саусақпен санарлықтай
кәсіпкерлердің бірі ыәм бірегейі-"Алтай
Полиметалл" тау-кен компаниясының
бас директоры. Елге меценаттығымен де
мәшһүр. Биыл туған жері Қызыларайға
«Билайн» байланыс жүйесін орнатпақ та
ойы бар.

Былықылдақ-осы атаның кіндік кескен
жұрты. Бұл Арқадағы аты аңызға айналған
тарихи жердің бірі. Осы елдің бір перзенті,

қайраткері (1956 ж.) Мүсілім
Әмірханұлы Ермековті кім
білмейді?! Бұл жерге бір
кезде Әлиағаға еріп, орыстың
ұлы этнографы Григорий
Николаевич Потанин де келген. Ол
казак эпосының озық үлгілері мен аңыз-
жырларын Әлиағаның өз аузынан естіп,
аң-таң қалған деседі...

Әлиағаның әкесі Ермек те заманында
ел билеген, аузы дуалы кісі болған.
Құнанбай аға сұлтан болып тұрған
кезінде Ермек оны да осы Былықылдақта
хан ұлындай арулап күткен деседі. 1923-
25 жылдары Томскіде оқып жүрген
студент Қаныш Сәтбаев та осы жайлауда
Әлиағаның құдайы қонағы болған.
Әлімханның туған ағасы Әмірханның
қызы – Дәмеш апамыз қазақтың аса
көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері
Темірбек Жүргеновке осы топырақтан
ұзатылды. Нығымет Нұрмақов пен Зүпінін
Ыбырайқызының үйлену тойы да осында
дүркіреп өткен көрінеді. Тәттімбет өзінің
"Былықылдақ", "Сылқылдақ" күйлерін
осы Былықылдақта жалғанның жарығына
шығарады! Әлиағаның шаңырағында!
Алаштың небір жақсысы мен жайсаңы
жүрген жер еді-бұл!



ҚЫЗЫЛАРАЙ

Туған жер!
Туған топырақ!
Қарашы менің көзіме:
Жұмыр жер жырын оқып ап,
Құсша ұшып келем өзіңе...
Құсша ұшып келем Арқаға,
Алмайды күтіп анашым.
Дүниежүзілік саяси картада
Сен –
Жалғыз нүкте ғанасың.
Жер үшін сен – бір түйір дән,
О, менің құйттай мекенім.
Кіндіктен қаным құйылған
Кішкентай Планета едің!
Айраның анам іш десе,
Зәмзәм суына бергісіз.
Кіндігім саған түспесе,
Кім болатыным белгісіз.
Арқалап жүгін арқама
Мойындап өтем тірлікте:
Дүниежүзілік саяси картада
Жүрекке ыстық бір нүкте...